

современного школьника, живущего в мире высоких технологий, владеющего многими достижениями научно-технического прогресса.

Список использованной литературы

1. Электронный ресурс: <http://pandia.ru/text/78/580/71526.php>
2. Национальный доклад по состоянию и развитию образования в Республике Казахстан (краткая версия). – Астана, 2011. – 75 с.
3. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2016г. – Астана, 2004.
4. Мухамеджанов Б. Инновационное развитие образования. // Казахстанская правда. 18.10.2002.
5. Левитас Д.Г. Практика обучения: Современные образовательные технологии. – М.; Воронеж, 1998.
6. Дендебер С.В., Ключникова О.В. Современные технологии в процессе преподавания: Развивающее обучение, проблемное обучение, проектное обучение, кооперация в обучении – М: 5 за знания, 2007. – 112 с.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ

Авторы: Раман Ұ., «Информатика» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Даулетбаева Г.Б., ж.ғ.м., аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Бүгінгі таңда оқушыларды ХХІ ғасырға дайындау үшін ұстаздар әр сабағын сапалы түрде ұйымдастырып, әдіс тәсілдерді тиімді қолдана білуі шарт. Мектепте алған білімін өмірде қолдана алатындай етіп сабақты құру мұғалімдерге көп шығармашылық ізденісті талап етеді. Ол үшін ең алдымен, әр ұстаз өз білімін жетілдіру және өз шәкірттерін тұлға ретінде тану керек. Абайдың «Адамның қасиеті үш-ақ нәрсе нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» демекші, шәкірттің алдына бару үшін жеткілікті білімнің болуы керек, сол тәжірибеңді ұғындыру үшін тиімді тәсілдерді қолдана білу және ұстаз мамандығын таңдаған соң, этикалық әрі моральдік құндылықтарды ұстану қажет. Мұғалімнің бұл үш көмекшілері сапалы әрі табысты оқытуына жол ашады [1].

Неге педагогикалық технологияларға ерекше көңіл бөлеміз? Оқушыларды пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімдерін бір жүйеге келтіру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану білімнің сапалы болуына себеп болады. Болашақ мұғалім ретінде мен әр сабақта менің алға қоятын мақсаттарымның бірі балалардың сөйлеу тілін дамыту болып табылады, сондықтан әрбір сабағымды диалог құру үшін бірнеше әдістерді қолданамын. Сұрақ-жауап әдісін ойын, топтық, жұптық жұмыс ұйымдастырғанда да тиімді қолданамын. Ең алдымен, балалар түсінбегенін бір-бірінен сұрап алуға мүмкіндік алады, екіншіден, білмегенін сұрау үшін сұраулы сөйлем құруға үйренеді.

Қазіргі заманда оқушыларға дайын білім беруден, яғни «дәстүрлі» стильмен оқытудан алшақтау керек. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі де жаңашыл идеяларға көңіл көкжиектерін ашу керек. Сабақтың әрбір минутын тиімді пайдалану үшін сабақ жоспарын табысты болатындай етіп құру біздің міндетіміз, себебі мұғалімдер әрбір баланың болашағы үшін жауапты. Көзбен көрген ақпараттың 30% есте сақталатынын ескере отырып, жаңа тақырып түсіндіру барысында АКТ мүмкіндіктерін пайдалану мен үшін маңызды. Бүгінгі заманда сандық сауаттылығымыз жоғары болу керек, себебі балалар алдында өз беделімізді нығайтамыз.

Оқыту сапасын арттыру мақсатында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, дәлірек айтсам, оқуға деген қабілетін, зейін, сөйлеу дағдылары, шығармашылық ойлау сияқты қабілеттерін дамыту мен үшін маңызды. Сыныптағы әр оқушы ақпаратты әртүрлі қабылдайды. Оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, әр сабақта тиімді стратегиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдануға тырысамын. Жаңа сабақты түсіндіруде аудио, бейнемәтіндер болса, қолдану сатысында топтық, жұптық түрлерін жүргізген ұтымды болады, себебі жұптық жұмыста көршілес оқушылар өзара жұмыс істеп, сұрақ қоя отырып тақырыпты игеруге мүмкіндік алады. Ал топтық бір жұмыс түрін орындай алады.

Топтық жұмысты ұйымдастырудың жалпы ережелері.

Балалардың оқу ынтымақтастығын құру кезінде ескеру қажет:

- Қарым-қатынастың мұндай формасы олардың тәжірибесінде болмаған, демек бұл дағдыны қалыптастыру керек.
- Балаларды қалай отыруға, оқулықты қалай қоюға, қалай келісуге, қалай қарсы келуге, қалай көмек сұрауға үйрету
- Бірлескен жұмыс қателіктерін талдау міндетті.

Балаларды топтарға біріктіру - жеке қасиеттер, тұлға аралық қатынастар, бейімділік, тілек, материал қиындығы, ұсынылатын нәтиже және тағы басқа байланысты өте күрделі үдеріс [2], [3].

Сыныпта топтағы жұмыстан бас тартуы мүмкін оқушының болуын ескеру қажет. Бұған дайын болуы керек. Жеке-дара жұмыстар дайындау. Әдетте мұндай балалар кезі келгенде ынтымақтаса бастайды, бірақ бұған уақыт керек.

Топтың жалпы жұмысын бағалау керек; адамгершілік қасиетін үнемі атап көрсету керек; сыпайылық, достық ықылас, жарқын жүзділік, өзара көмек беру және тағы басқа. Сабақта жым-жырт тыныштық болмайтынын ескеру керек, сондықтан тыныштық орнайтындай белгілі бір сигнал ойластыру керек.

Жаңа заман ағымына қарай білім жүйесінде жаңа технологияның алатын орны айрықша. Мектеп оқушыларының, тіпті студенттердің білімдерін жүйеге келтіруде сабақты әр түрлі формада, қызықты, ерекше етіп ұйымдастыру қажет [4]. Жұмыс жасау барысында ынтымақтастықты арттыру – топтық жұмыстың ерекшелігінің бірі болып табылады. Топтық жұмыстың пайдасы оқушылардың белсендігін арттырады, бірін-бірі тыңдап бағалай да үйренеді, сөздік қорларын да молайтуға болады. Бір-бірінен тәжірибе алмаса алады,

уақытты тиімді пайдалануды үйренеді және өздерін еркін ұстай білуге үлкен септігін тигізеді. Топтық жұмыс мектепте ашық сабақтарда қолданылып жүрген болса, қазіргі кезде мектеп қабырғасында да, жоғарғы оқу орнында да былтырғы жылдан бастап әр сабақты топтық жұмыстармен өткізіліп келеді. Ұйымдастырушы топқа бөліп, топ ережелерін түсіндіріп, барлық оқушының қызығушылығын арттыра алса, барлық оқушы белсенді жұмыс жасауға тырысатыны анық. Топтық жұмыс жасау барысында жеке оқушы өздерін шыңдап та ала алады. Біреуі постергесурет салып жатса, енді бірі жақсы идея айтады, бірі өлең шығарып жатса, енді бірі мәліметті айтып басқаларға түсіндіреді. Кейде оқымай келген оқушы топпен жұмыс жасау барысында ілесіп, өзге достарымен бірдей түсініп алатын кездері де болады. Ұйымдастырушы топты бағалауды, жеке бағалауды, ерекше бағалауды оқушыларға үйретеді. Олар келесі сабаққа барлық ынта-ықыластарын аударатыны сөзсіз. Топта оқушылардың ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту үшін сұрақ қою әдісін пайдаланған тиімді сұраққа жауап беру үшін белсенділік танытатындар алға озып шығып отырады. Маған топпен жұмыс жасаған ұнайды. Тіпті, шығармашылықпен де көзге түсуге болады. Ең бастысы топтық жұмыс дұрыс ұйымдастырылса өте тиімді деп ойлаймын. Себебі оқушылар топта бірін-бірі оқытып, бір-біріне үйретіп отырады.

Оқушыларды топқа бөлгеннен кейін топтың жекелеген мүшелері бір-бірін құрметтей отырып жұмыстанатын дәрежеге жеткізу керек, яғни жұмыстың алғышарттарының бірі топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы күтілетін нәтижеге негізделген. Мұғалім топтарға арналған ережелерді әзірлей отырып немесе топ мүшелерінің жеке ережелерін келісуі арқылы топтық жұмысқа бейімдейді. Қандай топтық жұмыс болмасын сол топты құрайтын нақты адамдарға арналған ереже құрылғаны маңызды. Ережелерде адалдық мәдениетін күшейту, ұжымдық жауапкершілік белгілеу, тыңдау машықтары тәжірибесін дамыту, топ міндеттері мерзімін сақтау, шығармашылық пен стандартты емес, идеяларды бағалау, қайырымдылық ескерілу керек. Топтық ережені күн тәртібінде бақылауда ұстау арқылы топтық жұмыстың өнімді болуына қол жеткіземіз. Кәсіби өмірде сияқты топтық ұмыста адамдар топ құрамында жұмыс істейді, жеке дау-дамайларда барлық топтың алға жылжуына кедергі жаамайтындай етіп шешу керек. Сонымен қатар, топтық жұмысты ұйымдастырушы мұғалім «Топ ережелерін қабылдаған әрбір адамды бұл топтан тыс жеке блок құрудан сақтап, алға қарай апарды. Топтың әрбір қатысушысы өз көзқарасын, пікірін білдіруін ынталандыру керек, олар естілмей қалмасын. Топ жұмысына топ мүшелерінің әрқайсысы тең дәрежеде қатысуға тиіс. Бұл олардың әрқайсысы бір нәрсені істеу керек дегенді білдірмейді. Бәрінен де, міндеттер топ мүшелеріне қалай бөлінетіні туралы ақылдасып шешкен дұрыс болады. Топ мүшелері сондай-ақ бір-бірімен тәжірибе алмаса және басқалардың идеяларына сүйене отырып, өз үлесін қосуға дайын болуға тиіс» деген нұсқауларды негізге алуы тиіс.

Оқыту үдерісінің қай кезеңінде топтық жұмысты ұйымдастырған маңызды, ол топтық жұмыс тапсырмасының мақсаты қандай, топпен жүргізілетін жұмыс неге қол жеткізді, олар нені білу керек еді, топтың бір-бірін

оқытуы қалай жүргізілгенін мұғалім реттеп отыруға тиісті. Оқушылар қандай стратегиялар пайдаланды, қандай дағдыларын қолдана алды, оқушылардың топтық жұмыс жасауына не кедергі болғанын бақылай алға тиіс. Сонымен қатар, мұғалім өз кезегінде оқушыларға қолдау көрсетіп, сабақ соңында топтағы жұмыс үдерісін және оның нәтижелері туралы ойлануға түрткі болуы керек. Сауатты ұйымдастырылған топтық жұмыс қана оқушыларының бірлескен оқу ортасын құруға мүмкіндік береді. Топтық жұмыстың маңыздылығы да осында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. www.cpm.kz Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.
2. Cpm.kz порталы. 1a1k. Топтарға арналған негіз қалаушы ережелерді құру.
3. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. (НЗМ) – Астана, 2013 ж.
4. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. – Алматы, 2001.

КОЛЛАБОРАТИВНЫЙ ПОДХОД В ПРЕПОДАВАНИИ И ОБУЧЕНИИ: ТЕОРИЯ И РЕАЛЬНОСТЬ

Автор: Сабыржанова А.С., студентка 4 курса специальности «Физика»

Научный руководитель: Дёмина Н.Ф., к.п.н., доцент

Костанайский государственный педагогический университет

Сегодня в Казахстане внедряется методика коллаборативного подхода в преподавания и обучении. Практически все учителя школ города и области прошли переподготовки различной длительности.

С учетом этого подхода изменилось и содержание обучения. Особенно разительным изменением подвергся процесс обучения в начальной школе.

Хорошо это или плохо, вряд ли мы сегодня можем ответить на этот вопрос. На современном этапе трудно это оценить, тем более в отсутствии каких-либо критериев степени влияния данного подхода на развитие личностных качеств учащихся, степени мотивирования их к обучению и качества полученных знаний.

Мы попытались провести качественный анализ состояния проблемы. Определяющим в методике коллаборативного обучения является развитие критического мышления, а основной формой организации познавательной деятельности учащихся на уроке - групповая работа.

Взяв, это за основу мы провели контент-анализ 15 статей вышедших в течение 2017 года в газете «Учительская плюс», посвященных данной проблеме [1].

Все статьи начинаются с дифирамбов данного подхода в обучении. Постулируется, прям таки абсолютность его эффективности и то, что дает